

formation of students' holistic professional thinking as the basis for their future professional activity. In the near future, this type of education will be valued as well as classical. It is very important to prepare and develop Internet resources by the teacher himself, since there is a problem of poor quality of these resources taken from the Internet, where information is incorrect or distorted. The design of web resources is also important. They should have a user-friendly interface, have pleasant colors for the eyes that do not impair vision and allow you to use this resource in training for a long time.

Summing up, it is worth noting that distance learning, as one of the modern types of education, has a full right to exist in the education system on a par with traditional forms of education [4].

Sources:

1. М.Н.Берсенев. «Центр поддержки дистанционного обучения в условиях малого города» Приложение к журналу СПО № 3 2009г., стр. 8-15
2. Омаров О.А. // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – №6.;
3. Термины и определения дистанционного обучения [Электронный ресурс]. –URL: <http://distant.ioso.ru/do/termin> (дата обращения: 10.08.2017).
4. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 8 апреля 2020 года № 135 «О дополнительных мерах по обеспечению качества образования при переходе учебного процесса на дистанционные образовательные технологии на период пандемии коронавирусной инфекции COVID-19» (с изменениями от 30.04.2020 г.)

Жомарт Ж.Е., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогика факультеті, БОПмӘ-13с тобы, студент.

(Ғылыми жетекшісі – п.ғ.м., аға оқытушысы Тлеуберлинова Э.Б.)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМГЕ ДЕГЕН ҒЫНТАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*«Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ,
ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы»*

А. Байтұрсынов

Қазіргі заманға қарағанда болашақты жарқын болуына апаратын күш тек білім беру саласында. Кез келген елдің өркендеуі, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі заман талабы — шығармашылық, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға тәрбиелеу және әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыру мен жетілдіруге ықпал ететін тұлғаны қалыптастыру. Мұндай жеке тұлғаға қойылатын ерекше басым талаптар, бұл: шығармашылық, белсенділік, жауапкершілік, терең білім, кәсіби сауаттылық. Осы талаптарды орындау үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. «Бағалау» термині латынның «жақын жерде отыру» сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, өйткені бағалаудың басты ерекшелігі - бір адам басқа адамның айтқанын және істегенін немесе өзінің тәуелсіз ойлауын, түсінуін немесе мінез-құлқын мұқият қадағалап отырып, өзін-өзі бақылауы болып табылады. [1, с. 23-25]

Бағалау – одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Оқытуды, оқытуда қолданылатын әдіс – тәсілдерді жақсарту мүмкіндіктерін және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін анықтауға бағытталған бағалау қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалау болып табылады. Қалыптастырушы бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданылатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді.

Қазіргі уақытта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — білім беру процесінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады, ал оқыту процесін басқарудың кілті бағалау болып табылады. Бағалау - бұл оқу анықтау, оқушының осы тақырыпты игерудегі кемшіліктерін жою үшін қолданылатын тәсіл, оның үлгерімінің тиімділігіне ықпал ететін фактор. Сонымен қатар, мектеп

практикасындағы бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, бұл материалды игеру фактісінің себептерін, сонымен қатар ассимиляция фактісімен бірге анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамдас бөлігі. [2,с. 20-26]

Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың сөздері: «Мұғалім үнемі үздіксіз ізденгенде ғана, оқушының жаны жарқырай алады», - деп, жанашыл мұғалімдерге арналған сияқты. Оқушы тақырыпты қаншалықты жақсы меңгергенін түсінеді. Егер білім тексерілмесе, оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Баға алғаннан кейін оқушы мектепте, үйде жұмысын жақсартуға, жақсы қасиеттерді дамытуға, білімі, біліктері мен дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады. Қалыптастырушы бағалауды қолдану - бұл оқытушы мен оқушы арасындағы кері байланыс циклі, бұл оқушының білім деңгейін арттыруға көмектеседі. Оқушы өзін бақылайды, іс-әрекет әдістерін тандайды, мұғалімнің нәтижелерін өзі бағалайды. Осылайша, бала мақсат қою, күтілетін нәтижені жоспарлау және оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыра алады. Кері байланыстың қандай түрін алсақ та нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек. Қалыптастырушы бағалаудың тағы бір маңызды құрамдас бөлігі - өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Өзін-өзі бағалау - бұл өзін-өзі бағалау емес, бірақ бағалау қызметімен байланысты бағалау әрекетінің бір түрі болып келеді. Өзін-өзі бағалаудың алгоритмін төменде көрсетілген кесетеден көруге болады:

1	Берілген тапсырманы орындауда нені орындау қажет?
2	Берілген тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме?
3	Оқушы тапсырманы толығымен жеке орындады ма, әлде сыныптасының немесе мұғалімнің көмегіне сүйенді ме?
4	Берілген тапсырманы орындау кезінде қандай біліктіліктер дамыды?

Сонымен шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабақты біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз қажет. [3,с. 3-10]

Білім беру мен тәжірибе әрдайым ұштаса отырып төменде берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге болады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- оқушылардың белсенділік таңытуы;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- болашақта өз кәсібін дұрыс тандай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бірінші сыныпта сауат ашу пәнінде күнделікті қолданып жүрген әдіс-тәсілдермен қатар, сабақтың мақсатына сай барынша ізденіп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, қалыптастырушы бағалаумен бірге оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын тапсырмалар құрап, ол тапсырмаларды сабақта пайдалана білсек, оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен қызығушықтары артып, бағдарламадағы материалды толығырақ меңгеріңе мүмкіншілік жасай аламыз. Сол арқылы оқу мақсатында берілген мақсатқа толықтай жете аламыз.

Мысалы, «Менің отбасым. Ұ дыбысы мен әрпі» тақырыбын оқушыларға түсіндіру барысында берілген оқу мақсаттары арқылы, Ұ әрпінің жазылуын көрсету, түсіндіру, неше элементтен тұратынын айтумен қатар, оқушылардың білімін толықтыру үшін әртүрлі тапсырмалар қолдана білу тиімді болып келеді.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
---	---

1-тапсырма. Әр отбасы мүшелеріне тиесілі заттарды сурет арқылы болжа.

	Ұста	ұшақ	
			
			
Ұ..ЫҚ	ұста...	м..ғ..лі..	

2-тапсырма. Сызба және сөздермен мәтінді оқы.

Мынау- анам. Оны... аты – Нұрша. Ол – ұста... Анам – ұстамды

3-тапсырма. Берілген сөздерді оқыңыз және сөйлем құрап жаз. Көп нүктенің орнына қай әріпті қоюға болады?

			
ДО ... БЫРА	К ... РШ	К ... ШК	КҮЛ ... Н
(Н, М, Н)	(Ы, Д)	(Ұ, Ү)	(Ы, Ү)

Екінші сынып оқушыларына қазақ тілі пәнінде спорт тақырыбын түсіндіру барысында тек оқулықпен жұмыс істетіп қана қоймай, оқушылардың қызығушылықтарын арттыратын шығармашылық жұмыстар орындалатын болса деген жөн. Себебі, бастауыш сынып оқушылары көбіне ойынға бейім, шапшаң болып келетіндіктен, балаларға проблемалық сұрақ туғызудың әсері мол. Мысалы, спорт тақырыбына сай мәтін арқылы, оқушылардың білім алуымен қатар тәрбиеге жетелей аламыз. Оқушыларды өз ойын толық баяндай білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру – әр мұғалімнің парызы. Сөздік жұмысы да, көрнекіліктермен орындалатын тапсырмалар да оқушыларды байланыстырып сөйлеуге даярлайды. Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау немесе суретін көрсету арқылы жүргізілетін сабақ есте жақсы сақталады. Сурет бойынша мәтін құрастыру балалардың ойын, тілін дамытумен бірге, оқушыларды суреттің мазмұнын түсінуге үйретеді.

Спортшы Әділ



Әділ–сыныптағы балалардың ең кішісі,әрі нәзігі. Мұнысы,әсіресе дене шынықтыру сабағында аңғарылатын. Сапқа тұрғанда оқушылардың ең соңында қалатын. Онысына өзі де намыстанатын. Тез өсіп, боксшы болу – оның арманы еді. Ағалары ауланың бір бұрышына турник орнатып берді. Әділ күн сайын турникке тартылып, ақырында ұршықтай айналатын болды. Дене шынықтыру, спортпен айналысу Әділдің бұлжымас әдетіне айналды. Үшінші сыныпқа келгенде бойы өсіп, қайраттана түсті.

Бастауыш мектепті бітірген жылдың жазында спортқа әуес бір топ ауыл

балалары бокс үйірмесіне қатысатын болды. Олардан кішкентай Әділде қалмады. Бокстасамын деп жүріп өзінен үлкен балалардан таяқ жеп қалған кездері де болды. Бірақ Әділ алған бетінен қайтпады, бокс өнеріне деген ынта-ықыласы арта түсті.

1. Суреттердің ретін анықтаңыз. Нөмірлеп көрсетіңіз.




□ □ □ □ □

✚ Суретке сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

2. Әр қақпаға тиісті сөздері бар допты соғып, екі топқа бөліп жаз.



3. Берілген сөйлемді сәйкестендіріңдер.



Мысал ретінде үшінші сынып оқулығындағы мәтінге ұқсас мәтін алынады. Мақсаты мәтіндегі кейіпкерлердің іс – әрекетін талдау, іс – әрекеттің нәтижесін шығару, мәтіннің негізгі түйінді ойын табу.

Мерген қыз

Батальон шабуылға таң ата кіріседі. Артиллериялық дайындықтарынан шошыған фашистер үнсіз жатты. Окопқа бірнеше метр қалғанда ғана гитлерлік пулемет үн қатты. Әлия гранатаны дәл лақтырып, оның дыбысын өшірді. Қарсыластың қорғаныс шебінің алды жауланды.

Бір күнде батальон екі контршабуылға тойтарыс берді, ал келесі күннің таңында тағы да шабуылға көшті. Қардың үстінде шинельмен жатқан, бір қолы жараланған Әлияның салқынқанды оқтары жауға дәл тиіп жатты. Шабуылдың үшінші күні. Гитлерліктер шабуылын жалғастыруда.

Ордың бір бұрышынан фашист офицері Әлияның кеудесіне атады. Бар күшін жинап ол оған атылған оқпен жауап береді. Ең соңғы күшін жинаған Әлия өзін атқан жауды автоматымен жайратты да, ауыр жараланды. Жарасын таңып жатқызған Әлияны сұм ажал алып кетті. Қазақ халқының батыр қызы Әлия жау қолынан осылай қаза тапты

1. Төмендегі дауыссыз дыбыстардың ортасына оң жақтағы дауысты дыбысты араластырып, қосып сөйлемдерді оқыңдар.

Әлия-

Қ З Қ Х Л Қ Н Ц


А А А Ы Ы

Б Т Р Қ З

А Ы Ы Ы

2. Төмендегі сызбаға сүйеніп, жасырынған сөздерден мақалды тауып оқы. Мағынасын айт.

ж	ө	р	т	і	ф	і	к	а	р	л	ы	қ
е	п	л	о	е	р	л	е	л	я	ғ	ы	у
б	е	д	і	,	ц	щ	і	д	м	е	м	л
а	з	і	к	т	у	х	к	і	н	л	к	ы
к	б	ю	ж	е	в	ж	к	е	ж	е	т	к
е	ь	к	е	а	ы	д	о	ы	с	ұ	ғ	і
с	м	к	і	ғ	д	г	г	ь	н	й	е	з
т	ч	а	л	р	э	ө	у	н	ц	і	д	к
а	я	п	н	е	к	е	б	н	е	р	у	п



3. Мәтін бойынша берілген сөйлемдерге тиісті суретті тандап, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Әлия гранатаны дәл _____, оның дыбысын өшірді.

Гитлерліктер _____ жалғастыруда.

Әлия өзін атқан _____ автоматымен жайратты

Оққа бірнеше метр қалғанда ғана гитлерлік _____ үн қатты.



Жоғарыда берілген жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның:

- ✓ сөздік қоры молаяды;
- ✓ ізденімпаздыққа үйренеді;
- ✓ ойлау қабілеті артады;
- ✓ ойын еркін айтады;
- ✓ белсенділігі артады;
- ✓ шығармашыл жұмыс істейді;
- ✓ қиялы ұшталады;
- ✓ тапқырлыққа үйренеді.

Тапсырмалар тартымды және қызықты болуын қадағалау қажет, оған қойылатын талаптардың толық сақталуы тапсырманың сапасын арттырып, оқушының сөйлеу тілін дамытуға қолайлы жағдай

туғызады. Сондықтан оқулықта, сабақта кездейсоқ алынған жаттығулар болмағаны тиімді деп ойлаймыз.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, өздігінен жұмыс жасаудың, білімді өздігінен игерудің маңызды екенін түсіндік. Бастауыш сынып оқушылары жаңа жүйелі оқу әдістері арқылы ізденгіш, зерттегіш, шығармашыл, проблемаларды өздігінен шеше алатын, қиын жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын таба білетін, функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасады. Сонымен өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

- жұмыстың көлемін шамадан айырмай, оның санасын арттыруға көңіл аудару;
- оқушының дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
- өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;
- оқушыларды алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;
- оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, белсенді әрекет жасауға баулу.

Қорытындылай келе, біздің алдымызда үлкен және жауапты міндет тұр - болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Оқу барысында қол жеткізілген жетістіктерге келетін болсақ, оқушының әрбір тәуелсіз жұмысы өз нәтижелерін береді. Әрине, бұл мұғалімнің де, баланың да жауапкершілігін арттырады. Мектеп талабына сәйкес білім беру, оқыту және тәрбиелеу біздің заманымыздың өзекті мәселесі болып табылады. Әр мұғалімнің басты міндеті - оқушының жеке қасиеттері мен қабілеттерін дамыту. Өздігінен іздену, талпыныс, өз талантын және шығармашылығын ашуда, өз нәтижелерін береді. Егер оқушының іс-әрекеті бағаланып, оқу процесінде қолданылатын тапсырмаларды қолдануда көрініс тапса, онда біздің алдымызда отырған оқушының жұмыс деңгейі мен даму деңгейі бірден көрінеді және олар функционалды түрде сауатты дамиды. Яғни, біз мемлекет басшысы алға қойған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға өз үлесімізді қосамыз деп санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Н.А. Жапбаров. Білім беру жүйесін ақпараттандыруда электронды оқыту кешенін пайдалану тиімділігі // Білім образование. -2009. - Т.43. – № 1. С. 14-17.
2. А.Б. Сарсекенова. Ақпараттық - телекоммуникациялық технологиялардағы қашықтықтан оқытудың рөлі // Білім берудегі менеджмент. – 2010. – Т. - №1. С. 128-131.
3. Нұрғалиева Г.Қ. Электронды оқу жүйесі немесе жаңаша білім алу көзінің артықшылықтары қандай? / Нұрғалиева Г.Қ // Ұлан. – (<http://zhasorken.kz>).

Қан К.П., НАО Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, факультет физической культуры и спорта, гр. МФКиС-52, магистрант
(*Научный руководитель – к.п.н., профессор Божиг Ж.*)

ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ ЖЕНЩИН РАЗНОГО ВОЗРАСТА К ЗАНЯТИЯМ ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫМ ФИТНЕСОМ

Актуальность. Проблема сохранения и укрепления здоровья была и остается одной из важнейших проблем женщин различного возраста. На сегодняшний день лишь звучат призывы быть здоровым, а социальная среда и реальная практика свидетельствуют об ухудшении здоровья населения, обострении сердечно-сосудистых заболеваний и других хронических и инфекционных заболеваний. В последние годы мы являемся свидетелями бурного развития такого направления, как оздоровительный фитнес, который становится одним из главных факторов здорового образа жизни [1]. Принципы оздоровительной направленности физического воспитания, как правило, конкретизируются в физкультурно-оздоровительных технологиях. Оздоровительное направление фитнеса в настоящее время представляет собой сбалансированную программу физкультурной деятельности, направленную на достижение и поддержание оптимального физического состояния человека в условиях современной цивилизации [2]. В настоящее время в сфере оздоровительной физической культуры происходит активное внедрение в практику инновационных технологий с целью достижения и поддержания оптимального физического состояния человека в соответствии с его мотивацией и индивидуальными особенностями [3].